

Балаларға арналған Киелі кітап ұсынады

Құдайдың Ыбырайымға берген уәдесі



Мәтінін жазған: Edward Hughes

Суретін салған: Byron Unger, Lazarus
Alastair Paterson


Бейімдеген: M. Maillot, Tammy S.

Қазақ тіліне аударған: Raikhan Esimkhankyzy

Шығарушы: Bible for Children
www.M1914.org

©2023 Bible for Children, Inc.
Лицензия: сатуға тиым салынған, көшірме жасауға
немесе басып шығаруға рұқсат етілген.

1



Топан судан кейін бірталай уақыт өткен
кезде, жердегі адамдар жоспар құрды.
«Біз мұнарасы көкке дейін жететін ұлы
қала тұрғызамыз», – деді олар. – «Біз
бәріміз әрдайым бірге тұрайық».
Олардың барлығы бір
тілде сөйледі.

2

Құдай адамдардың Өзі жаратқан әлемнің барлық жерінде тұрғанын қалады. Сондықтан Ол ерекше бір нәрсе істеді. Кенет адамдардың жекелеген топтары басқаша сөйлей бастады. Құдай оларға жаңа тіл берді.



3


Бір тілде сөйлегендер бірге кетті. Бәлкім адамдар өздері түсіне алмаған басқа адамдардан қорқа бастаған болар. Осылайша Құдай адамдарды әр түрлі жерді толтыруға мәжбүр етті. Олар тастап кеткен қала Бабыл деп



аталатын, бұл сөздің мағынасы – абыржу.

4

Жылдар өте халдейлердің Ур қаласында Құдай Ыбырам деп аталатын адаммен сөйлесті. «Бұл жерді тастап шық», – деп бұйырды Құдай оған. «Мен саған көрсететін елге көш».




5

Ыбырам мойынсұнды. Құдай оны Қанаханға алып келді. Оның әйелі Сарай мен немере інісі Лут онымен бірге аттанды.



6

Қанаханда Ыбырам да, Лут та байыды. Олардың мүйізді ірі қара малдан үлкен-үлкен үйірлері болды. Малдың мұншалықты көп санына жайылым жетіспеді.



7

Луттың малшылары Ыбырамның малшыларымен ұрсысып қалды. «Ешқандай жағымсыз жағдай болмасын, – деді Ыбырам. – Біз бөлінейік. Лут, сен қалаған жерінді бірінші тандап ал».



8

Лут қалалар мен ауылдарға толған үлкен құнарлы жазықты таңдап алды. Бұл алғашында жақсы болып көрінген. Бірақ қалалар зұлымдыққа толы жерлер еді.



9

Лут кетіп қалған соң, Құдай Ыбыраммен қайтадан сөйлесті. «Мен бүкіл Қанахан жерін саған және сенің ұрпақтарыңа берем». Ыбырам мен Сарайда әлі бала жоқ еді.



Құдай Өзінің ұлы уәдесін қалай орындай алар екен?

10

Құдайдан келген үш адам Ыбырам мен Сарайға келді.



«Таяуда сенің балаң болады», – деді олар. Сарай күлді. Ол Құдайдың хабарына сенбеді. Оның жасы тоқсанда еді. Құдай Ыбырамға оның аты бұдан былай Ыбырайым («Көптің атасы»), ал Сарай Сара («Ханша») болатынын айтты.

11

Құдай Ыбырайымға екі зұлым қала – Сodom мен Гоморраны құртатынын да айтты. Ыбырайымның немере інісі Лут Содомда өз отбасымен тұрып жатқан.



12

Лут Құдайдың ескертуі келген кезде оған сенді, бірақ оның қыздарының болашақ күйеулері Содомды тастап кетуден бас тартты. Қандай қайғылы! Олар Құдайдың Сөзіне сенбеді.



13

Лут пен оның екі қызы ғана құтқарылды. Зұлым қалаларға көктен от пен күкірт жауды.



14

Өкінішке орай, Луттың әйелі
Құдайдың ескертуіне мойынсұнбай,
қашып бара жатып артына
бұрылып қарады.
Содан ол тұзды
бағанға айналды.




15

Жаратқан Ие
Өзінің Ыбырайым
мен Сараға берген
уәдесін орындады.
Кәртейген
шақтарында
Құдай айтқандай,
олардың балалары
дүниеге келді.
Ысқақ туған кезде,
олар қалай қуанды
десеңші!



16

Мүмкін
Ыбырайым
Құдайдың өзі мен
өзінің балаларына
Қанахан жерін
мәңгілікке беретін
уәдесі жайлы да
ойлаған болар.
Құдай бұл
уәдесінде де
тұрар еді. Құдай
Өзінің уәделерін
міндетті түрде
орындайды.



17

Құдайдың Ыбырайымға берген уәдесі

Құдайдың Сөзі –

Киелі кітаптан алынған әңгіме

Жаратылыстың басталуы 11-21

"Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады."
Забур 119:130

18

Киелі Кітаптағы бұл әңгіме бізді
жаратқан әрі Оны білгенімізді қалайтын
тамаша Құдайымыз жайында баяндайды.

Құдай біздің жаман істер істегенімізді біледі.
Ол мұны күнә деп атайды. Күнәнің жазасы - өлім.

Құдай бізді сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын,
Исаны айқыш ағашта өліп, біздің құнымызды өтеу үшін жіберді.
Иса қайта тіріліп, көкке көтеріліп кетті. Енді Құдай біздің
күнәларымызды кешіре алады.

Егер сен күнәларыңнан арылғың келсе,
Құдайға былай де: Көктегі Құдай, Исаның мен үшін өліп,
қайта тірілгеніне сенемін. Мен енді жаңа өмірге ие болып,
кейін Сенімен мәңгі бірге болуым үшін менің өміріме келе гөр,
менің күнәларымды кешіре гөр. Сенің балаң болып, Сен үшін
өмір сүруіме көмектесе гөр. Аумин. Жохан 3:16

Киелі Кітапты күнделікті оқып, Құдаймен тілдес.

20

Соңы

4



60

19